

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ

- № 3 Денсаулық сақтау саласындағы табыстар. Ақылы қызметтер: медициналық көмек үшін тікелей төлем.

- *Мемлекет үшін халықтың денсаулығын сақтау және оған қолайлы жағдай жасау ең қажетті бағыт болып табылады. Қазіргі таңда денсаулық сақтау ісін дамыту институционалдық қайта құрылу, кадр әлеуетін дамыту, сапалы медициналық қызмет ұсыну кезеңіне енеді.*
- *Аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру басым бола бастайды, бұл Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан азаматтарының әл-аухатын арттыру-мемлекет саясатының басты мақсаты» атты Жолдауында көрсетілген*

Денсаулық сақтау саласындағы негізгі жақсарту жүйелері:

- жасөспірімдердің денсаулығын нығайту,
- халықты сапалы және қол жетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету,
- медициналық ғылымды дамыту,
- ауылдың денсаулық сақтау жүйесін жақсарту.



Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму өлшемін анықтайды. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, уақтылығын, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге жұмылдыратын әлеуметтік бағдарлы жүйені ұсынатын денсаулық сақтау саласы.

35-бап. Ақылы медициналық қызметтер алудың негіздері мен тәртібі

- 1) пациенттердің бастамасы бойынша, оның ішінде алғашқы медициналық-санитариялық көмек мамандарының және денсаулық сақтау ұйымдарының жолдамасынсыз алғашқы медициналық-санитариялық көмек, диагностикалық және емдік қызметтер көрсету;
- 2) дәрілік формулярға енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу;
- 3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кірмейтін медициналық зерттеулер жүргізу;
- 4) тиісті жолдамасыз санаториялық емдеу;

- 5) медициналық айғақтарсыз медициналық-генетикалық зерттеулер жүргізу;
- 6) азаматтарды жұмысқа кіру және оқуға түсу үшін медициналық зерттеп-қарау;
- 7) ұйыммен шарт бойынша, оның ішінде ерікті сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету;
- 8) қосымша сервистік қызметтер ұсыну;
- 9) осы Кодекстің 87-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету кезінде ұсынылады.

Ақылы медициналық қызметтер көрсетуге арналған шарт мынадай негізгі талаптарды көрсетеді:

- 1) медициналық көмектің түрлері мен көлемін;
- 2) медициналық көмек көрсету мерзімдерін;
- 3) медициналық және медициналық емес қызметтерге арналған тарифтерді және оларды төлеу тәртібін;
- 4) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;
- 5) шартқа өзгерістер, толықтырулар енгізу және оның қолданылуын тоқтату тәртібін;
- 6) тараптардың шарт міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті белгілеуін қамтуға тиіс.

- 4. Ақылы қызметтер көрсетудің түрлері мен олардың баға преЙскуранты мемлекеттік, жекеше медициналық ұйымдардағы және жекеше медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғалардағы көрнекі ақпарат арқылы халықтың назарына жеткізіледі.
- 5. Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсетудің бағасы медициналық, сервистік қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығын түрлерін және өзге де қосымша шығыстарды ескере отырып айқындалады және ол жарты жылда бір реттен аспайтын жиілікпен қайта қаралуы мүмк

- Ақылы қызметтер көрсетудің бағасы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі үшін бюджеттік бағдарламаның әкімшісі белгілейтін осыған ұқсас медициналық қызмет тарифінен төмендетілмей белгіленеді.
- 6. Азаматтарға ақылы қызметтер көрсеткен кезде есепке алу және есеп құжаттамасын жүргізу уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша жүзеге асырылады.
- 7. Денсаулық сақтау ұйымы азаматтар өтініш жасаған кезден бастап оларға ақылы медициналық қызметтердің уақтылы және сапалы көрсетілуі үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.
- 8. Денсаулық сақтау ұйымдарында ақылы қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

- Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласындағы саясатты іске асыруды көбінесе мемлекеттік денсаулық сақтау бюджетінің қаражатын 60%-дан астамын әкімшілдіретін жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Денсаулық сақтау басқармаларының басшылары министрліктермен келіспей тағайындалады, бұл бюджетті ұтымды жоспарлаудың бірыңғай саясатын іске асыру. Денсаулық сақтау басқармаларының басшылары Министрліктің келісімінсіз тағайындалады, бұл бюджетті жоспарлаудың бірыңғай ұтымды саясатын іске асыру кезінде іс-қимылдың келісімділігін қиындата түседі.

- Денсаулық сақтау саласын басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында пациенттің дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдау қағидатына, бәсекелестік орта құру мен медициналық қызмет көрсету үдерісінің айқындығына негізделген.
- Қазақстан Республикасының бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі құрылатын болады. Бұл үшін 2010 жылдан бастап, денсаулық сақтау жүйесіне кезең-кезеңімен, денсаулық сақтау саласындағы осы күнгі бюджеттік модель негізінде ТМҚКК медициналық қызметтерін Орталықтандырылған мемлекеттік сатып алушысы енгізілетін болады.

**Назарларыңызға
рахмет!**